

**Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 25 ақпандағы № 2/17 "Жаңаарқа ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының XXIII сессиясының 2013 жылғы 27 қарашадағы № 23/149 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 желтоқсанда № 2468 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 16/119 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 28.06.2024 № 16/119 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 25 ақпандағы № 2/17 "Жаңаарқа ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-12-125 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 16 (9489) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған), Жаңаарқа аудандық мәслихатының 8 сессиясының 2012 жылғы 20 тамыздағы № 8/52 "Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 ақпандағы 2 сессиясының "Жаңаарқа ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" № 2/17 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімімен өзгерістер (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1931 болып тіркелген, 2012 жылғы 22 қыркүйектегі № 43 (9515) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған), Жаңаарқа аудандық мәслихатының 15 сессиясының 2013 жылғы 14 ақпандағы № 15/97 "Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 25 ақпандағы № 2/17 "Жаңаарқа ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімімен өзгеріс енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

Тізілімінде № 2226 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 наурыздағы № 16 (9546) " Жаңаарқа" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ереженің 3 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"3. Тұрғын үй көмегі Жаңаарқа ауданында тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген, тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға), егер жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үй алаңының нормалары шегінде, өтемақы шараларымен қамтамасыз етілген жағдайда, бірақ алатын нақты жалпы алаңы тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға шығыстар нормативтерінен аспағанда, сондай-ақ телекоммуникациялық қызметтер көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтері артқанда, отбасы (азаматтың) бюджетінде осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыстар үлесінен асқанда беріледі. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Шекті жол берілетін шығыстар үлесі жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, сондай-ақ телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифінің артуына ақы төлеу отбасының (азаматтың) жиынтық табысының он бес пайызы мөлшерінде белгіленеді."

2. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудандық мәслихаттың кезектен

тыс XXIII сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

"Жаңаарқа ауданының жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Б. Тезекбаев

Д. Жұмасейітов

Ш. Ибраева

2013 жылғы 27 қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК